

**Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды Ұзынкөл ауданының шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізу туралы**

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімінің 2009 жылғы 16 наурыздағы № 5 шешімі.  
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 19 наурызда № 9 -19-93 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 17 бабының 3 тармағына сәйкес, **ШЕШТІМ:**

1. Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеуді 2009 жылғы қаңтар-наурызында жүргізілсін.

2. "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің б а с т ы ғ ы н а ( к е л і с і м б о й ы н ш а ) :

1) Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтардың Ұзынкөл ауданының шақыру учаскесіне тіркелуін ұ й ы м д а с т ы р ы п , жү р г і з с і н ;

2) тіркеу жұмыстары аяқталған соң, жасалған шарттар мен шығарылған шығындар бойынша қызмет көрсеткендермен есеп айырысуды өткізу ұсынылсын;

3) Ұзынкөл ауданының шақыру учаскесіне Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарын тіркеу қорытындылары жайлы ақпаратты аудан әкіміне 2009 жылдың 1 сәуіріне дейін хабарласын.

3. "Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігеріне (келісім бойынша) тіркеу жүргізу жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету үшін мыналар ұсынылсын:

Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтардың кеуде клеткаларына, жүрек рентгенттерін жасау және керекті лабораториялық тексерулер жүргізсін.

4. Ұзынкөл ауданының селолық округтерінің, Ұзынкөл селосының, Троебрат селосының әкімдері тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтардың шақыру учаскесіне келуін қамтамасыз етсін.

5. "Ұзынкөл ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бастықтың міндетін атқарушысына 12200500 "Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі

іс-шаралар" бағдарламасымен көзделген қаражаттар шегінде Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарын Ұзынкөл ауданының шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз етуге байланысты іс-шаралардың қаржыландырылуын жүргізу ұсынылсын.

6. "Қазақстан Республикасы ішкі істер Министірлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Ұзынкөл аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) мыналар ұсынылсын:

1) шақыру учаскесіне тіркелуден бас тартып жүргендерді іздестіру және шақыру учаскесіне әкелу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

2) тіркеу жүргізу мерзімінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарын Ұзынкөл ауданының шақыру учаскесіне тіркеу жүргізудің орындалуына бақылау жасау Ұзынкөл ауданы әкімінің орынбасары М.В. Слесарьға жүктелсін.

8. " Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды Ұзынкөл ауданының шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" Ұзынкөл ауданы әкімінің 2009 жылғы 27 ақпандағы № 4 шешімі жойылсын.

9. Ұзынкөл ауданы әкімінің осы шешімі ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұзынкөл ауданының әкімі*

*А. Сейфуллин*